

**Степногорск қаласы білім бөлімі басшысы жанындағы
жиналыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

«28» қаңан 2025 жыл

Степногорск қаласы

ҚАТЫСҚАНДАР: 21 мектеп басшылары, мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтер мен мектеп басшыларының тәрбие ісі орынбасары, бас маман А.А. Бекмагамбетов, әдіскерлер А.Ж. Таукелова, Е.У. Уразов, К.Рахимжанова, О.Малофеева, А.Кемелова.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепте психология-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы. (ББ әдіскерлері – Бекмагамбетов А.А., Баязитова Г.Т., Таукелова А.Ж., қосымша баяндамалар: №6 МГ, №8ЖОББМ, №9ЖОББМ басшылары)
2. Оқушыларды Халықаралық – PISA зерттеуіне дайындау туралы. Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиаданы дайындау және өткізу жоспары (Малофеева О.В. – ББ әдіскері)
3. Педагогтардың курстық даярлығынан өту мониторингі, педагогтардың курстан кейінгі қолдау жұмысы (ББ әдіскері – К.С. Рахимжанова).
4. Әртүрлі сұрақтар.

ТЫҢДАЛДЫ:

- 1.1.1. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова мектепте педагог-психологиялық қызмет жұмысының ұйымдастырылуы туралы НҚА таныстыра отырып, облыстық мониторинг тобының құжаттарды зерделеудегі басым бағыттары туралы баяндады.
- 1.1.2. Білім бөлімі әдіскері А.Таукелова Степногорск қаласы білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарындағы педагог-психологиялық қызмет жұмысы бойынша есеп берді (қосымша бар слайд+доклад).

СӨЙЛЕДІ:

- 2.1.1. А. Құнанбаев атындағы №6МГ басшысы Н.Аяған өз мектебі бойынша педгог-психологиялық қызмет жұмысына есеп беріп, туындаған сұрақтарға мектеп мамандарымен жауап берілді (қосымша бар слайд+доклад).
- 2.1.2. Ш.Уәлиханов атындағы №8 ЖОББМ тәрбие ісі орынбасары Е.Н. Женатова мектептің педагог-психологиялық қызметіне есеп берді.

2.1.3. Қ.Сатпаев атындағы №9 ЖОББМ басшысы А.С. Айтжанова мектебінің педагог-психологиялық қызметі мен ата-аналармен жұмысы туралы айтты. (қосымша бар слайд+доклад).

2.1.4. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова білім беру ұйымдарындағы Мектептің сайтына кіру арқылы педгог-психологиялық қолдау бөлімінің жұмысын практикада қарастырды.

ҰСЫНЫС:

- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарының өзара іс-қимылын күшейту және үйлесімділігін арттыру мақсатында хаттамалар жүргізіп, қабылданған шешімдерді тіркеумен бірге апталық жұмыс кеңестерін ұйымдастыру.
- Педагогтар мен ата-аналардың хабардарлығын арттыру. СППҚ қызметінің функциялары мен мүмкіндіктері туралы түсіндіру кездесулері, семинарлар мен тренингтер өткізу. Қызмет, мамандар және көмек түрлері туралы ақпаратты мектептің веб-сайтына және ақпараттық стендтерге орналастыру. Ата-аналарға арналған ақпараттық буклеттер мен жадынамалар шығару.
- СППҚ мамандарының жүктемесін оңтайландыру. Педагог-психологтар мен өзге де мамандар арасындағы міндеттерді қайта бөлу.

ТЫНДАЛДЫ:

1.2. Білім бөлімі әдісері – О.Малофеева оқушыларды Халықаралық – PISA зерттеуіне дайындау туралы ереже нұсқаулығымен және жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиаданы дайындау және өткізу жоспарымен таныстырды (қосымша бар слайд+доклад).

СӨЙЛЕДІ:

2.2. А.Байтұрсынұлы атындағы №2 ЖОББМ басшысы А.Капизина Халықаралық – PISA зерттеуі осы оқу жылында түскен мектептер тізімі бар ма деп сұрады.

ҰСЫНЫС:

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданы өткізу жоспары назарға алынсын.
- Олимпиадаға дайындық кезінде мектеп кезеңін өткізу кезінде әдістемелік ұсыныстарға назар аударыңыз.
- Сабақтарда, сабақтан тыс сабақтарда жеке тәсіл арқылы оқуға ынталы оқушылармен мұғалімдердің мақсатты жұмысын ұйымдастыру.
- Басшының орынбасарлары пән мұғалімдерімен бірлесіп олимпиадалардың қалалық кезеңінің төмен нәтижелерінің себептерін талдап, оларды жою жөніндегі іс-шараларды жоспарласын.

**Степногорск қаласы білім бөлімі басшысы жанындағы
жиналыс отырысының
КҮН ТӘРТІБІ:**

«28» қазан 2025 жыл

1. Мектепте психология-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы. (ББ әдіскерлері – Бекмағамбетов А.А., Баязитова Г.Т., Таукелова А.Ж., қосымша баяндамалар: №6 МГ, №8ЖОББМ, №9ЖОББМ басшылары).
2. Оқушыларды Халықаралық – PISA зерттеуіне дайындау туралы. Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиаданы дайындау және өткізу жоспары (Малофеева О.В. – ББ әдіскері)
3. Педагогтардың курстық даярлығынан өту мониторингі, педагогтардың курстан кейінгі қолдау жұмысы (ББ әдіскері – К.С. Рахимжанова).
4. Әртүрлі сұрақтар.

Бөлім басшысы



А.Оспанова

Хатшы

К.Рахимжанова